

Шаруашылық субъектілері үшін 1997 жылға арналған монополист-кәсіпорындардың өніміне бағаның шекті өсуін және тарифтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 ақпандағы N 138

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін 1997 жылға арналған монополист-кәсіпорындардың өніміне және қызмет көрсетулеріне бағаның шекті өсуі мен тарифтер қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан

Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігімен бірлесіп шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін 1997 жылға арналған монополист-кәсіпорындардың өніміне және қызмет көрсетулеріне бағаның шекті өсуі мен тарифтерге ай сайын талдау және бақылау жасауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 3 ақпандағы
N 138 қаулысына
қосымша

Шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін 1997
жылға арналған монополист-кәсіпорындардың
өніміне және қызмет көрсетулеріне бағаның
шекті өсуі мен тарифтері

	1997 жыл	1997 жылдың	
Өнім			желтоқсаны
(қызмет)	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан
атауы	IV тоқсан	1996 жылғы	
	(1996 ж.	(маусым %)	(қыркүйек
	(желтоқсан	желтоқсан.	
	желтоқ.	есепімен	% есебімен
	% есебімен	% есебімен	дағы %

	санға %	наурызға)	маусымға	қыркүйекке	есебімен
	есебімен,				
	наурыз)				

Электр

энергиясы 110,0 105,1 105,0 105,0 127,5

Көмір 105,0 104,0 104,6 105,0 119,9

Темір жол

көлігімен

жүк тасымалы 107,0 107,0 105,0 106,0 127,4

Байланыс

қызметі 100,0 101,0 101,0 102,0 104,1

Құбырлы көлік.

пен мұнай және

газ тасымалы:

мұнай 101,3 101,9 102,4 102,9 108,8

газ 100,0 105,0 102,0 104,2 111,6